

Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібін бекіту туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2025 жылғы 21 ақпандағы № 201 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Рудный қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібі осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат хатшысы

А. Искаков

Мәслихаттың

2025 жылғы 21 ақпандағы

№ 201 шешіміне

1-қосымша

Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібі

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көшелер тұрғындары өкілдерінің санын айқындаудың тәртібі " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан

Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 " Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32894 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді және Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кенті мен Перцев ауылының ауыл, көшелер тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы тәртіпте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны – ауыл, көшелер тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы;

2) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

2 тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін Горняцк кенті мен Перцев ауылының аумағы учаскелерге (ауыл, көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын ауыл, көшелер тұрғындарының өкілдері сайланады.

5. Горняцк кентінің әкімі ауыл, көшелер шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және өткізуді ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған кезде көппәтерлі үйдің бөлек жиындары жүргізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын Горняцк кентінің әкімі бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органдардың ресми интернет ресурстары және әлеуметтік желілер арқылы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етеді.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында тиісті ауыл, көшелердің қатысып отырған тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Горняцк кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Горняцк кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Рудный қалалық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін Горняцк кенті әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиынында немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында хаттама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілген күні мен орны;

2) тиісті аумақта тұратын және жергілікті қоғамдастық жиынына немесе жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынының немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Мәслихаттың
2025 жылғы 21 ақпандағы
№ 201 шешіміне
2-қосымша

Қостанай облысы Рудный қаласының Горняцк кентінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көшелер тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

--	--	--

№	Ауылдың, көшелердің атауы	Ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Горняцк кенті	
	Академик Сатпаев көшесі	1
	Геологоразведчиков көшесі	1
	Омар Досжанов көшесі	1
	И П Мичурин көшесі	1
	Озерная көшесі	1
	Партизанская көшесі	1
	Сергей Лазо көшесі	1
2	Перцев ауылы	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК